



Тұтынушы құқығы

ЗАҢҒА ТОЛЫҚТЫРУЛАР ЕНГІЗІЛДІ

Бүгінгі таңда тұтынушылар құқығын нормативтік-құқықтық реттеуді жетілдіру — өзекті мәселе. Осы ретте тұтынушылардың құқықтарын жеткіліксіз құқықтық реттеу осы саладағы заңнамаларды жетілдіруді қажет етеді.

Мемлекет басшысы Қ.Тоқаев бытыр 27 желтоқсанда «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне өнеркәсіптік саясат мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» №87-VII Заңға қол қойды.

Аталған Заң негізінде «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі — Заң) келесі толықтырулар енгізіліп, қолданысқа енгізілді. Біріншіден, Заңның 1-бабының 14 тармағы 14-1), 14-2) тармақшалаймен «техникалық жағынан күрделі тауардың елеулі кемшілігі» туралы негізгі ұғымдармен толықты.

Атап айтқанда, техникалық жағынан күрделі тауар — өзін қосылыстың мәні айқындайтын

мақсаты бойынша пайдалануға мүмкіндік беретін бір тұтасты құрайтын көптеген конструкциялық және (немесе) әртүрлі элементтерді қамтитын, техникалық жағынан күрделі тауардың елеулі кемшілігі — техникалық жағынан күрделі тауардың жойылмайтын кемшілігі немесе мөлшерлес емес шығыстарсыз немесе қосалқы бөлшектері беруді күту уақытын қоса алғанда, заңда белгіленген мерзімнен асатын немесе тұтынушы үшін мұндай жоюдың өзектілігі жоғалатындай немесе тауарды нысаналы мақсаты бойынша пайдалануға мүмкін етпейтіндей соңшалықты созылатын уақыт

шығындарынсыз жоюға келмейтін кемшілігі не тұтынушының өміріне, денсаулығына және (немесе) мүлкіне, қоршаған ортаға зиян келтіруге алып келуі мүмкін кемшілік.

Екіншіден, Заңның 15-бабы 1-1) тармақшамен толықтырылды, онда техникалық жағынан күрделі тауарға және оның құрамдасына қатысты тұтынушы техникалық жағынан күрделі тауардың елеулі кемшілігі болған жағдайда ғана ұқсас маркалы (модельді, артикулді) тауарға ауыстыруды не сатып алу бағасын тиісінше қайта есептей отырып, басқа маркалы (модельді, артикулді) дәл сондай тауарға ауыстыруды не шартты бұзуды және тауар үшін төленген ақшаны қайтаруды талап етуге құқылы екендігі белгіленді.

Үшіншіден, сатушының (дайындаушының) тиісті сападағы да, тиісті емес сападағы да тауарды сату кезіндегі міндеттерін реттейтін Заңның 30-бабының

2-тармағы 2-1 тармақшамен толықтырылды.

Атап айтқанда, тұтынушы техникалық жағынан күрделі тауардың елеулі кемшілігін анықтаған және ол шартты бұзу және тауар үшін төленген ақшаны қайтару туралы талап қойған жағдайда, техникалық жағынан күрделі тауарды және оның құрамдасын сатушы (дайындаушы, орындаушы) осы талапты үш жұмыс күні ішінде қанағаттандыруға міндетті.

Тұтынушы техникалық жағынан күрделі тауардың елеулі кемшілігін анықтаған және оны ауыстыру туралы талап қойған жағдайда, техникалық жағынан күрделі тауарды және оның құрамдасын сатушы (дайындаушы, орындаушы) осы талапты 30 жұмыс күні ішінде қанағаттандыруы тиіс.

Бұл ретте сатушы тұтынушының қойған талаптарымен келіспеген кезде сәйкестікті растау жөніндегі органдарға не сынақ зертханаларына техникалық жағынан күрделі тауардың қауіпсіздігін және (немесе) сапасын қосымша тексеруге (сараптамаға) жіберген жағдайда, техникалық жағынан күрделі тауарды қайтару немесе айырбастау жөніндегі мерзім тексеру (сараптама) жүргізілген уақытқа тоқтатыла тұрады.

Облыстық тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті.

Спорт

Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университетінің оқытушы-профессорлық құрамының бір тобы жоғары оқу орнының 65 жылдық мерейтойын спорттық сайыспен бастауға шешім қабылдады.

Олар демалыс күнді пайдаланып ұйымшылдықпен шаңғы жарысына шықты.

Жарысқа қатысушылар алдында ректордың міндетін атқарушы, медицина ғылымдарының докторы Эльнара Исмағұлова сөз сөйледі.

— Биыл біздің ұжым үшін айтулы жыл, университеттің іргетасы қаланғанына 65 жыл толады. Марат Оспанов атындағы медициналық университетте бүгінгі таңда бакалавриат, интернатура және жоғары оқу орнының кейінгі резидентура, магистратура, PhD-докторантура, негізгі білім беру бағдарламалары бейін бойынша мамандарды қайта даярлау және біліктілігін арттыру жүзеге асырылады. Университеттің халықаралық маңызы да артып келеді. Қазірдің өзінде халықаралық бағдарлама шеңберінде Үндістаннан 300-ге тарта студент білім алууда. Университетте PhD докторантуралық диссертациялық жұмыстарын



65 ЖЫЛДЫҚҚА 65 ШАҢҒЫШЫ САЙЫСТЫ

қорғау үшін диссертациялық кеңес жұмыс істейді. Біздің университетте Қазақстанның батыс өңіріндегі жоғары оқу орындарының студенттері арасынан лапастағы офицерлерді даярлайтын жоғары оқу орныаралық әскери кафедра бар. Әскери-медициналық факультетте болашақ әскери дәрігерлер білім алады.

Біздер облыстың тұрғындарына бұқаралық қысқы спорт түрін дамыту, жаппай шаңғы мен коньки спортына жас балғындарды баулу, осы спорт түрінен Олимпиада чемпиондарын дай-

ындауға үлесімізді қосайық деп үндеу тастаймыз! — деді ол.

Салтанатты ресми бөлімнен соң барлық сайысқа қатынасушыларға арнайы нөмір белгіленген спорттық жейде мен 65 жылдық мерейтойдың таңбасы табыс етілді. Шаңғышы профессор-оқытушылық құрам жас айырмашылықтары бойынша бірнеше санатқа бөлінді. Ең алдымен шаңғы жарысын жасы 60-тан жоғары санаттағылар бастады. Жарыс жолының ұзақтығы әйелдер үшін 1,5 шақырым, ерлер арасында 3 шақырым болып белгіленді.

Жарыстың бас төрешісі деңгейі кафедрасының аға оқытушысы, шаңғы спорты бойынша жаттықтырушы Елена Дема жүлде қорының қомақты екенін айтты. Жеңімпаздарға арнайы медальдар мен бағалы сыйлықтар тапсырылды.

65 жылдық мерекеге орай сайысқа 65 адам қатысты. Жарыс қорытындысында әр жас санаты бойынша В.Лешенко, Ғ.Исмаев, Ш.Медетова, Н.Жұмабай, Н.Әзбергеновтер жеңімпаз атанды.

Н.ДАБЫЛОВ.

ЕСКЕ АЛУ

БІРГЕ ЖҮРГЕН ДОСТАР ЕК...

Мектепте бірге оқыған құрбымыз Жұмабике Матаева биылғы 1 ақпанда дүниеден озды.

Ол 1956 жылы Шалқар ауданы Астауши ауылында туып, осындағы 8 март сегіз жылдық мектебінде бірге жүріп білім алдық, балалық тәтті кездерімізді бірге өткіздік.

Жастық шағымыздың жарқын күндері де жадымызда сақтаулы. Аяулы құрбымызды еске ала отырып, отбасы, тума-туыстарының қайғысын бірге бөлісеміз.

Жан досымыздың жарқын бейнесін ұмытпаймыз.

Қадірлі сыныптасымыз Құрманбай Досыбекұлы осы жылдың 4 ақпанында арамыздан мәңгілік сапарына жол шекті.

Ол 1956 жылы Шалқар ауданы Алақозы ауылында дүниеге келіп, сондағы бастауыш мектепте әліппе бетін ашты, кейін 8 март сегізжылдық мектебінде білім жолын жалғастырды.

Біздің балалық, жастық шағымыз Алақозы, Астауши елді мекендерінде бірге өтті.

Жақсы жолдасымыздың зайыбы Ұмындыққа, отбасына, тума-туыстарына қайғыларын бөлісіп, көңіл айтамыз.

Еске алушылар: 8 март сегізжылдық мектебінің 1971 жылғы түлектері.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Ақтөбе облыстық мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернаты 2022 жылғы 1 наурыз-1 сәуір аралығында 2022-2023 оқу жылына 6-сынып оқушылары үшін www.qabyldau.daryn.kz сайтында құжаттар қабылдайды.

Ұсынылатын құжаттар мен конкурстың өткізілу ережелері туралы толық ақпараттар fizmat_aktobe инстаграм парақшасы мен www.phizmat.kz сайтында жарияланды.

Біздің мекенжайымыз:

Ақтөбе қаласы, Астана ауданы, Сәңкібай батыр даңғылы, 74С ғимарат. Байланыс телефонымыз: 8(7132)-909331.



ГАЗЕТТІ БІЗДІҢ САЙТЫМЫЗДА ОҚЫҢЫЗ!
www.aqtobegazeti.kz

Құттықтаймыз!

Мертек ауданы Кожемьякин көшесі, 7-үй Қыдырбай Шұдабайұлы ШУДАБАЕВҚА Ардақты әке! Мерейлі 70 жасыңыз құтты болсын!

Әке, жасың 70-ке толды, міне, Бір Алпаға мың шүкір бұл күніне. Балаңа деген ниет пейіліңді Ұқсаттам қазағымың кең жеріне. Мың алғыс, бізді алдыға жетеледің, Аялап алақанда мәпеледің. Сол үшін барлық балаң, әке, сені, Білгесің төбесіне көтерерің! Қаниама күндер өтті басыңыздан, Еңбекті шын сүйдіңіз жасыңыздан. Қиын күнде жол тауып алға жүрдің, Табылып жан анашым қасыңыздан. Әкешім, алып өстік сенен үлгі, Берері ұл мен қызың керезіңді. Енді, әкешім, бұйырса, өз аузыңнан Естік «100-ге келдің» дегенді!



Тілек білдірушілер: жары Насиха, балалары, немерелері Аяна, Аңсарбек, жиендері Ақтілек, Дана, Әлихан, Бекжан, Ернарар, Нұрдаулет.

«Ақтөбе облысының құрылыс, сәулет және қала құрылысы басқармасы» ММ

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2022 жылы 1 сәуірдегі сағат 11.00-де Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар қаласы Есет Көтінбарұлы көшесі 133 мекенжайында «Ақтөбе облысы Шалқар ауданы Шалқар көлінің түбін тазарту (түзету)» жұмыс жобасын ықтимал әсерлер туралы есеп қарау бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zherpaidalanuy/contacts?lang=kk> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expert_oos@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар ZOOM платформасында бейнеконференц байланысы арқылы онлайн режимінде өткізіледі.

Қосымша ақпаратты aktubvodproekt@mail.ru мекенжайы және 8-701-469-40-50 телефоны бойынша алуға болады.

«Әлия Жолдары» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2022 жылғы 15 сәуір сағат 15.00-де Ақтөбе облысы Темір ауданы Кеңестуы а.о., Қопа а., Мектеп көшесі, 14, «Ақтөбе облысы Темір ауданы Кеңестуы ауылдық округінің әкімінің аппараты» ММ, мекенжайы бойынша «Ақтөбе облысының Темір ауданындағы Жақсымай кен орнының шөгінді тау жыныстарын: құмын өндіруге арналған тау-кен жұмыстарының жоспары» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында ecportal.kz, сондай-ақ ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expert_oos@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме <https://us04web.zoom.us/j/2538101026?pwd=WXBVbnlXb2F0RTg0cGhVMD02OFRjdz09> немесе конференция идентификаторы: 253 810 1026.

Кіру коды: 0ShUIN.

Қосымша ақпаратты zh.turebekova@yandex.kz электронды пошта және 8-702-437-11-60 телефон нөмірі арқылы алуға болады.

«Тас Тау Со» ЖШС

ҚР Экологиялық кодексінің 96-бабына сәйкес 2022 жылғы 12 сәуірде, сағат 11.00-де Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Тассай а.о., Тассай а., Есет батыр көшесі, 19, «Ақтөбе облысы Хромтау ауданы Тассай ауылдық округі әкімінің аппараты» ММ мекенжайы бойынша «Қазақстан Республикасы Ақтөбе облысы Хромтау ауданындағы Шандашы кен орнының құрылыс тасы (габбро): магмалық жыныстарды өндірудің тау-кен жоспары» жұмыс жобасына «Қоршаған ортаны қорғау бөлімі» жобасы бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өтетіндігін хабарлайды.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында ecportal.kz, сондай-ақ ЖАО-ның <https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy?lang=ru> сайтында танысуға болады.

Барлық ескертулер және/немесе ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ expert_oos@mail.ru қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірмейтін мерзімде қабылданады.

Төтенше жағдай және (немесе) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген жағдайда (әлеуметтік, табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар) қоғамдық тыңдаулар онлайн режимде өткізіледі. Белсенді сілтеме <https://us04web.zoom.us/j/2538101026?pwd=WXBVbnlXb2F0RTg0cGhVMD02OFRjdz09> немесе конференция идентификаторы: 253 810 1026.

Кіру коды: 0ShUIN.

Қосымша ақпаратты zh.turebekova@yandex.kz электронды пошта және 8-702-437-11-60 телефон нөмірі арқылы алуға болады.

Ақтөбе нотариалдық округінің нотариусы Ербол Жанадилович Болысбаев хабарлайды. 7 қыркүйек 2021 жылы қайтыс болған азамат Шілдебай Әбубәкірұлы Көрпелбайдың атына нотариалдық кеңсеге мұралық іс ашылды. Осыған байланысты мұрагерлердің нотариусқа, Ақтөбе облысы Шалқар қаласының Әйтеке би көшесі, №66 мекенжайында орналасқан нотариалдық кеңсеге хабарласулары сұралады. Анықтама тел.: 7-775-679-22-06.

Хабарландыру!

«Ақтөбе» газетіне қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын бітірген жоғары білімді корректор қажет.

Мекенжайымыз: Тілеу батыр көшесі, 10.

Байланыс тел.: 8(7132) 54-69-00, 56-01-85, 8-701-373-37-38.

Ақтөбе
ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Меншік иесі:
«АҚТӨБЕ МЕДИА» ЖШС

Газет «Құрмет белгісі»
орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Руслан ДАРБАЕВ

Бас редактор
Сатжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрлігінің ақпарат комитетінде 2018 жылғы 22 қаңтарда тіркеліп, №16856-Г куәлігі берілген.

Бас редактордың орынбасары
Мейрамгүл САТАЕВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:
Бөлім меңгерушісі
Данагүл ҚАЗИХАН, 90-71-64

Тілшілер
Ақерке САТЫБАЛДЫ, Ақбота ҚАЛДЫБЕК

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:
Бөлім меңгерушісі
Айбек ТАСҚАЛИЕВ, 90-71-64

Тілшілер Нұрмұханбет ДИЯРОВ,
Самат НАРЕГЕЕВ

МЕДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК САЛА БӨЛІМІ:
Бөлім меңгерушісі

Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ, 55-11-11

Тілшілер Индира ӨТЕМІС, Айнуір ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Асман СЫДЫҚОВ

Фототілші Хайреден РАУШАНОВ

КОМПЬЮТЕР БӨЛІМІ:

Беттеушілер Нұрша БИДАНОВА
Динара САНГУЛОВА,
Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА

Теруші Гүлмара АЙНАЗАРОВА

Корректорлар Жұлдыз МАТЖАН,
Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА

Жазылу және тарату бөлімі 54-79-80

Жарнама бөлімі 56-31-30

Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы, Тілеу батыр көшесі, 10.

Факс: 54-69-00.
Қабылдау бөлмесі: 54-69-00.
Сайт: www.aqtobegazeti.kz
E-mail: aktobegazeti@mail.ru
Апталық таралымы 57096

Татсырыс №227

Немірдің кезекші редакторы
Айнұр Жалмағанбетова

